«БЕКІТЕМІН»
І.Мыңбаев атындағы №59
мектеп-гимназия директоры
Г.Сағынғанова
«__» _____ 2026 ж.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:
Білім алушылар арасында құқықбұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың, зиянды әдеттердің және қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- оқушылардың құқықтық мәдениеті мен жауапкершілігін қалыптастыру;
- құқықбұзушылыққа бейім және ерекше бақылауды қажет ететін білім алушыларды ерте анықтау;
- буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- ата-аналармен профилактикалық жұмысты күшейту;
- мектеп, ата-ана және құқық қорғау органдары арасындағы байланысты нығайту;
- оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және үйірме, спорт секцияларына тарту.

№	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Жұмыс нысаны
1	Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жылдық жоспарды бекіту	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жоспар
2	Оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, тәуекел тобындағы балаларды анықтау	Қыркүйек, жыл бойы	Әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер	Мониторинг
3	«Заң және тәртіп» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	ТІЖО, инспектор	Кездесу, түсіндіру сағаты
4	Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен оқушыларды таныстыру	Қыркүйек	Сынып жетекшілер	Сынып сағаты
5	«Менің құқығым және міндетім» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу	Қыркүйек–қазан	Сынып жетекшілер	Сынып сағаты
6	Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Ай сайын	Педагог-психолог, сынып жетекшілер	Тренинг, әңгіме
7	«Буллингке жол жоқ!» профилактикалық іс-шарасы	Қазан	Психолог, әлеуметтік педагог	Тренинг, акция

8	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектормен кездесулер ұйымдастыру	Тоқсанына 1 рет	ТІЖО, мектеп инспекторы	Кездесу
9	Сабаққа себепсіз қатыспайтын және кешігетін оқушыларға күнделікті мониторинг жүргізу	Күнделікті	Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог	Бақылау
10	Мектепішілік есепте тұрған және ерекше бақылауды қажет ететін оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу	Жыл бойы	ТІЖО, психолог, әлеуметтік педагог	Жеке жұмыс
11	Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырыстарын өткізу	Айына 1 рет немесе қажеттілігіне қарай	Мектеп әкімшілігі, профилактика кеңесі	Кенес отырысы
12	Оқушылар арасында зиянды әдеттердің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Қараша	Медицина қызметкері, психолог	Дәріс, кездесу
13	«Қауіпсіз интернет» тақырыбында киберқауіпсіздік сабақтарын ұйымдастыру	Қараша–желтоқсан	Информатика мұғалімдері, сынып жетекшілер	Ақпараттық сабақ
14	«Жасөспірім және заң» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Желтоқсан	ТІЖО, құқық пәні мұғалімі	Дөңгелек үстел
15	Қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша нұсқаулық өткізу	Желтоқсан	Сынып жетекшілер	Нұсқаулық
16	Ата-аналарға «Жасөспірім тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында түсіндіру жұмысын жүргізу	Қаңтар	Әкімшілік, психолог, әлеуметтік педагог	Ата-аналар жиналысы
17	Оқушылар арасындағы жанжалдарды ерте анықтау мақсатында психологиялық сауалнама жүргізу	Тоқсанына 1 рет	Педагог-психолог	Сауалнама, мониторинг
18	«Құқықтық сауаттылық – заман талабы» апталығын ұйымдастыру	Ақпан	Құқық пәні мұғалімдері, ТІЖО	Апталық
19	Жасөспірімдердің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Ақпан–наурыз	Инспектор, құқық пәні мұғалімі	Дәріс
20	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында профилактикалық іс-шаралар өткізу	Наурыз	Психолог, әлеуметтік педагог	Акция, тренинг
21	Қоғамдық орындардағы тәртіп және қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бойынша түсіндіру	Сәуір	Сынып жетекшілер, инспектор	Әңгіме

22	Құқықбұзушылыққа бейім оқушыларды спорт секцияларына, үйірмелерге және қоғамдық жұмыстарға тарту	Жыл бойы	ТІЖО, сынып жетекшілер, үйірме жетекшілері	Жеке жұмыс
23	Отбасылық жағдайы күрделі оқушылардың отбасыларымен жеке жұмыс жүргізу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекші	Рейд, кеңес беру
24	«Мектеп–ата-ана–оқушы» үштік байланысы аясында профилактикалық кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	Әкімшілік, сынып жетекшілер	Кездесу
25	Жазғы демалыс кезіндегі құқықбұзушылық пен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізу	Мамыр	ТІЖО, инспектор, сынып жетекшілер	Нұсқаулық
26	Жазғы кезеңде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізу	Мамыр–тамыз	Әкімшілік, сынып жетекшілер	Жоспарлау
27	Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының нәтижелеріне мониторинг және қорытынды талдау жүргізу	Әр тоқсан, мамыр	ТІЖО, әлеуметтік педагог, психолог	Талдау, есеп